

АҚШ ТЕХНИКАСЫ САЙРАМДА ШЫҒАРЫЛУДА

ЕЛОРДАДАН 5000 ТГ ПӘТЕР ЖАЛДАП ТҰРҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

БАДАМ ӨЗЕНІ ҮСТІНЕН ӨТЕТІН КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Абайдың қара сөздері

ҚЫРЫҚ ТӨРТИНШІ ҚАРА СӨЗІ

Адам баласының ең жаманы - талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. нәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. нәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бөрекелдіні» керек қылмайтуғыны болмайды. Әрнәшік, орынсыз ба, орынды ма, «бөрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бөрекелдіні» оңды күтпейді. Маған «бөрекелді» десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бөрекелді» дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жа...



№ 49

/sarsenbi/
02 jeltoqsan

2020 жыл

**Тұңғыш Президент күні
Түркістанда Халықара-
лық әуежайына Нұр-
Сұлтан қаласынан ал-
ғашқы ұшағы қонды.
Сондай-ақ, күні кеше
Халықаралық әуежай
бірінші рет аэродром
жарамдылығы сертифи-
катына ие болды. Енді
аталмыш нысан ішкі
және Халықаралық
рейстер қабылдай алады.**

Халықаралық әуежайдың құрылысы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жүзеге асқан. Қаладан 20 км қашықтықта орналасқан әуежай ха-

RESPUBLIKALYQ AP TALYQ GAZET

АЙҒАҚ

MEDIA


Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyr "Altyn Jyldyz", Qazaqstan Jyrnalister odaqynyr Turar RYSQULOV jane Sattar ERyBAEV atyndaq syilyqtarynyr, "Altyn jurek" syilygynyr legeri



ТҮРКІСТАН ӘУЕЖАЙЫ

АЛҒАШҚЫ ҰШАҚТЫ СӘТТІ ҚОНДЫРДЫ

сыз ету комитеті (бұдан әрі-Комитет) ЖОО лицензиясын тоқтата түрудың негізі ретінде ұсынған бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтар яғни: оқу процесін ұйымдастыруға, талапкерлерді қабылдауға, ЖОО-ны оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етуге, түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысты бұзушылықтар жайындағы деректері сотта апелляциялық талқылауда өз растауын таппады.



Осыған сәйкес, академик А.Қуатбеков атындағы ХДУ-нің ректоры Қуатбекова Рабиға Әбдімұсақызы қалыптасқан жағдайды БАҚ, қалың жұртшылық, студенттер мен олардың ата-аналары, университет

профессор-оқытушылары алдында жоғары оқу орнының жұмысын штаттық режимде жалғастыру туралы қуанышты жаңалықпен бөлісіп, толық түсіндіріп берді.

«Айғақ» - ақпарат.

ҚР БЖҒМ 03.02.2010 ж. №АБ 0137355 мемлекеттік лицензия берілген

ҚАЗҰУ – ҒАЖАЙЫП МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-маңызды ғылыми-зерттеу университеттерінің бірі және сонымен қатар Қазақстан Республикасының көптеген ғылыми және кәсіби салаларындағы магистранттар мен докторанттарға орасан зор мүмкіндіктер апаратын көрнекті оқу ордасы болып табылады. Университет әр түрлі және халықаралық профессорлар мен студенттерді тартуға, жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер мен оқытуларды қолдауға, сондай-ақ әртүрлі шет елдермен және аймақтармен академиялық байланыстар орнатуға тырысады. Оқу ордасы кез-келген сала бойынша білім мен оқуды жоғары деңгейде ілгерілетуді және өз күшін бүкіл әлемдік стандартқа сай болатын нәтижелерді мақсат ете отырып жұмыс атқарады.

Университетте лайықты дәрежеде білім алуға тырысатын әр студент үшін керемет мүмкіндіктер жасалған. Университет Қазақстандағы ең үлкен және ең бай кітапханалардың біріне ие. Әбу Насыр Әл-Фараби музейі кітапхананың әрбір қонағы үшін ашық. Қазақ ұлттық университеті өзінің жас ғалымдарына жайлы жатақханалар ұсынатын студенттер қалашығы болып саналады. Университет 5000-нан астам студент тұратын 14 үлкен жатақхананы ұсынады.

Халықаралық танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтинг агенттігі өлемнің жоғары оқу орындары туралы жаңа зерттеу нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап көрсетілгендей, биыл ҚазҰУ атындағы 42 позицияға көтерілген Әл-Фараби жаһандық рейтингте 165-орынға ие болды және «өлемдегі ең үздік 200 университеттің қатарына енген алғашқы қазақстандық университет болды». Бұл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-

верситетінің өлемдік ғылыми және білім беру кеңістігінде жоғары деңгейге сөйкестігін растай отырып, керемет жаңалық жасады.

Университеттің осындай жетістіктерге жетуіне Экономика және бизнес жоғары мектебінің «менеджмент» кафедрасының өзіндік үлесі бар. Менеджмент кафедрасында оқытудың инновациялық өдістері, зерттеу дағдылары мен әлеуетін меңгерген білікті профессор-оқытушылар құрамы қалыптасып, жетілдірілуде. Студенттер бакалавриат бағдарламасы бойынша менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтарына қабылданады. Олар келесі мамандықтар бойынша магистр дәрежесін алады: менеджмент, инновациялық менеджмент, жобаларды басқару, мемлекеттік және жергілікті басқару. Докторантурада оқыту келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады: менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, инновациялық менеджмент, жобаларды басқару. Білімнің халықаралық интеграциясы мақсатында студенттермен алмасу және қос диллом алу бағдарламалары бар. Бұл студенттер, магистранттар және докторанттар үшін үлкен мүмкіндік.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, осы оқу орнының магистранты ретінде мен университетіміз өз студенттеріне толыққанды білім алу үшін және де өсіп келе жатқан қазіргі өлемнің талаптарына сай болу үшін көптеген таңғажайып мүмкіндіктер береді деп үлкен сеніммен айта аламын.

С.КУПЕШОВА,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, э.ф.д.,
Гүлнұр ЖҰМАНӘЛІ,
жетекшілігіндегі магистранты.



Хабарландыру

Еңбекші, Әл-Фараби АІБ аумағында ағымдағы жылдың 25.11.20-10.12.2020 ж. аралығында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» атты республикалық акция өткізіледі.

Шымкент ҚІД Еңбекші,
Әл-Фараби АІБ ӨЗЗҚТ
инспекторы, полиция майоры
Турехан А.Т.,
полиция капитаны Калиева А.А.
Сенім телефоны:

8 702-772-80-50, 8 702-510-40-50

к иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

ІЕКЕНЖАЙЫ:

ласы, Ғ.Ляев көшесі, 29.
www.aigak.kz

ҚОВ - Безендіруші

ТАРҚЫЗЫ - Жарнама

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Телментау, Шымкент

Жазылу

индексі

65836

16+



Мақаланың жариялануы
арқылы тиімленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
«Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, 29.

Телсырыс: №135
Гаральмы: 7000